«АҚМЕШІТ-МЕЛИОРАТОР»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Товарищество с ограниченной ответственностью
«АКМЕШИТ-МЕЛИОРАТОР»
limited liability partnership
«AKMESHIT-MELIORATOR»

Қызылорда қаласы, 120008, Түркістан к-сі 36, e-mail: ak_meshit@mail.ru, тел/факс: 8(7242) 21 11 58, 20 02 41,
город Кызылорда, 120008, ул.Туркестан 36, e-mail: ak_meshit @mail.ru, тел/факс: 8(7242) 21 11 58, 20 02 41,

«13» қыркүйек 2018 ж/г.
№ 01/549

Қазақстан Республикасының бас прокуроры
Қ.П.Қожамжаровқа

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы
А.Қ.Ахметовке

Қызылорда облысы бойынша ішкі
мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
Ғ.П.Қалиевке

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің директоры
Б.Ы.Шамаховтан
Қызылорда қаласы, Түркістан к-сі, 36 үй

ШАҒЫМ

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі конкурстың №2728113-1 «Қызылорда қаласы инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және орналасытыру ЖТС (ИЖС) бағдарламасымен орындалатын Саяхат тұрғын ауданындағы тас жол Саяхат-1, Саяхат-2, Саяхат-3.» **жұмысына өткізілген электронды ашық конкурсқа қатысқан болатын. Ұйымдастырушы: «Қызылорда қаласы әкімдігінің Қызылорда қаласының мемлекеттік сатып алу бөлімі» КММ-сі.** 13.09.2018 жылы №2728113-ОК1 **Қорытындылар туралы хаттамада** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді деген негіздермен конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілмеген.

Алайда әлеуетті өнім берушінің 5-ші қосымшасында жұмысты сатып алу кезінде жабдықтаушының біліктілігі жайлы мәліметтерінде;

1. **2012 жылы Қармақшы ауданы Көмекбаев ауылдық округінде 2 пәтерлі 15 тұрғын үйдің аумағында инфрақұрылым құрылысы (тас жол),** 2011 жылы желтоқанда 11 137 473, 2011 жылы желтоқанда 7 620 739, 2012

жылы қаңтар-ақпанда 14 334 462, 2012 жылы қыркүйекте 2 490 846, барлығы 35 583 520 теңгеге актілер, келісім-шарт түпнұсқасы толығымен салынды.

2. **2016 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы Жосалы кентінің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту және жайластыру құрылысы (тас жол),** 2016 жылы қазанда 81 810 683, 2016 жылы қазанда 114 547 172, 2016 жылы қазанда 44 361 056, 2016 жылы қарашада 117 870 715, 2016 жылы қарашада 95 066 469, 2016 жылы қарашада 129 092 703, 2016 жылы қарашада 81 613 849,20 барлығы 664 362 647.20 теңгеге актілер, қорытынды, келісім-шарт түпнұсқасы толығымен салынды.

3. **2017 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кентінде салынып жатқан 2 пәтерлі 17 тұрғын үйдің аумағында инфрақұрылым құрылысы (тас жол),** 2017 жылы қыркүйекте 16 402 954, 2017 жылы қыркүйекте 77 912 059.85, 2017 жылы қарашада 10 479 445.99, барлығы 104 794 459.84 теңгеге нысандарына қабылдау актілері, форма-2, форма-3, қорытындылар, конкурсқа қатысу кезінде және алдын-ала жіберу кезінде жоғарыда аталған құжаттар ұсынылғанмен негізсіз жіберілмеген. Жұмыс тәжірибесін дәлелдейтін жоғарыда көрсетілген құжаттар қайта толық салынған болатын және 2 жыл жұмыс тәжірибесіне сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабына сай, әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға шағым жасалған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылатындығы көрсетілген.

Осыған байланысты Сіздерден конкурс қорытындысын қайта қарап, «Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-ін қатысуға жіберу туралы шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің директоры **Б.Ы.Шамахов**